«8D03107-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дуйсенбаева Айнур Отарбековнаның «Орта жастағы әйел адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Дуйсенбаева Айнур Отарбековнаның «8D03107 – Психология»» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Орта жастағы әйел адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық	1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. Атап айтқанда, «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылым бағыты бойынша психология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бағытына сәйкес орындалған. Яғни зерттеу әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы келесі ғылыми бағыттармен тығыз байланысты: тұлғаның психологиялық қорларын, бейімделу механизмдерін және дағдарыс жағдайларындағы мінезқұлық стратегияларын зерттеу адам капиталының сапасын арттыруға ықпал етеді; орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесуге ықпалын зерттеу аталған стратегиялық бағыттарды тікелей қолдайды, себебі өзін-өзі қабылдау мен коммуникативтік дағдыларды жетілдіру әйелдердің кәсіби өнімділігін, көшбасшылық қабілеттерін және экономикалық әрі қоғамдық өмірге белсенді қатысуын арттыруға ықпал маңызды. Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді:

		комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1. «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (Астана, Ақорда, 2012 ж.); 2. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 3. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі; 4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстандағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) елдік кеңсесінің және Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестік жобалары.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы психология ғылымына елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік-мәдени контекст және бұқаралық ақпарат құралдарының жаһандық ықпалы аясында тұлғаның сәйкестігі мен психологиялық саулығы мәселелері, әсіресе орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің қалыптасу ерекшелігін зерттеу жүзеге асырылды. Диссертациялық зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктері туралы жаңа ғылыми білімдерді қалыптастыруымен және осы бағыттағы теориялық түсініктерді кеңейтуімен анықталған. Зерттеу нәтижелері денелік-Мен имиджінің құрылымы, мазмұны және оның тұлғааралық өзара әрекеттесу жүйесіндегі рөлі туралы ғылыми теорияларды толықтырып, психология ғылымының теориялық қорын байыта түскен. Сонымен қатар, зерттеу барысында денелік-Мен имиджі көрсеткіштері мен тұлғааралық қатынастар параметрлері арасындағы өзара байланыстар эмпирикалық тұрғыдан дәлелденіп, олардың психологиялық заңдылықтары айқындалған. Сол себепті, зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы өте жоғары.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу мазмұны құрылымдық жағынан жүйелі және логикалық реттілікпен баяндалған. Жұмыста ғылыми стиль мен терминологияны қолдану талаптары толықтай сақталған. Теориялық негіздеме мен эмпирикалық талдаулар өзара үйлесім тапқан. Ізденушінің диссертацияны жазу деңгейінің жоғарлығы зерттеу болжамын жасауда, теориялық тұжырымдарды қорытуда, орта жастағы әйел адамдардың

			денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесуге ықпалын зерттеу барысындағы тәжірибелік эксперименттік жұмысты талапқа сәйкес атқаруында және қорғауға ұсынылатын қағидаларды нақты ұсына білуде айқын көрінеді. Осы жерде ізденушінің әрбір өзіндік тұжырымды деректермен дәлелдей алуы диссертация құндылығын арттырады. Диссертация мазмұнында, идеясында авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалдарды пайдаланудың анықталмауы Дуйсенбаева Айнур Отарбековнаның диссертацияны өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі мемлекеттік, ғылыми-тәжірибелік, қолданбалық сұраныстарды талдау негізінде жасалған. Бұл зерттеудің өзектілігі келесі бағыттармен айқындалады: Біріншіден, зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатындағы адам капиталының сапасын арттыру, халықтың психологиялық саулығын нығайту және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту бағыттарымен үндеседі. Орта жастағы әйел адамдардың психологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік белсенділігі қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Екіншіден, қазіргі психология ғылымында денелік-Мен имиджі мәселесі кеңінен зерттелгенімен, оның орта жастағы әйел адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретіндегі ерекшеліктері жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Осыған байланысты зерттеу аталған ғылыми олқылықтың орнын толтыруға және теориялық білім қорын кеңейтуге бағытталған. Үшіншіден, орта жас кезеңі әйел адамның өміріндегі маңызды психологиялық, әлеуметтік және физиологиялық өзгерістермен сипатталады. Бұл кезеңде өз денесін қабылдау ерекшеліктері тұлғааралық қатынастардың сапасына, өзін-өзі бағалауға, әлеуметтік бейімделуге және психологиялық саулыққа тікелей әсер етеді. Сондықтан аталған мәселені зерттеу ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады. Осылайша, диссертациялық зерттеудің өзектілігі мемлекеттік басымдықтармен, психология ғылымының қазіргі даму сұраныстарымен және практикалық психологиялық қызметтің қажеттіліктерімен толық сәйкес келеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды**;	Диссертация мазмұны «Орта жастағы әйел адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктері» атты диссертация тақырыбын толығымен айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу мақсаты, міндеттері, пәні, нысаны, болжамы, қолданылған әдістер мен ұстанымдар

		2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсатына сәйкес түзілген міндеттерді (6) жүзеге асыру барысында алынған ғылыми нәтижелер мен ой-тұжырымдар шынайы, нақты және дәлелді. Демек, зерттеудің мақсат-міндеттері және оған сәйкестендірілген мазмұн озара үйлесімді. Бөлімдер бойынша ұсынылған тұжырымдар зерттеушінің ғылыми–зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде жасалған және толық озара байланыста, ішкі бірлікте берілген. Зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыда нақты материалдармен дәлелді көрсетілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді**; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. **Зерттеудің мақсаты** – орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне әсерін теориялық және әдіснамалық негіздеу және эмпирикалық тексеру. Диссертацияда қойылған **міндеттер** орта жастағы әйел адамдардағы денелік-Мен имиджінің мәнін, құрылымын және компоненттерін ашу; тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық моделін жасау; дене бейнесінің көрсеткіштері мен тұлғааралық қатынастар параметрлері арасындағы өзара байланыстарды эмпирикалық тұрғыда зерттеу; орта жастағы әйел адамдардың дене бейнесін қалыптастырудағы тұлғааралық сипаттамалардың үлесін сипаттайтын предикторлық модельдерді анықтау, жас ерекшелігі мен отбасылық мәртебесі бойынша айырмашылығы бар топтарда дене көрсеткіштері мен тұлғааралық қатынастарды салыстыру болып табылған. Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес. Зерттеу мақсаты мен міндеттері арасында логикалық байланыс, шынайылық, тұтастық, қолданбалық ұстанымдары сақталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның толық мазмұны «Отандық және шетелдік психологиядағы тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретіндегі орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің ерекшеліктерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері», «Тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеуді ұйымдастыру», «Тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу» атты 3 бөлім негізінде ұсынылған. Зерттеу бөлімдері бірізділік, түсініктілік, жүйелілік, тұтастық ұстанымдары негізінде жазылған. Диссертация құрылымында теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік аспектілер қамтылған. Диссертация

			бөлімдерінің бір-бірімен логикалық байланысы ғылыми ортада орта жастағы әйел адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін түсінудің маңызды шарттары ғылыми-әдіснамалық негіздерін нақтылауға мүмкіндік береді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар**; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **Жаңа шешімдер:** Орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджін тұлғааралық өзара әрекеттесудің маңызды психологиялық факторы ретінде қарастыратын теориялық модель ұсынылған. Денелік-Мен имиджінің когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің құрылымы нақтыланып, тұлғааралық қатынастар көрсеткіштерімен байланысын түсіндіретін жаңа эмпирикалық деректер алынған. Сонымен қатар дене салмағы индексінің, жас ерекшелігінің және отбасылық мәртебенің осы байланыстарға ықпал ету механизмдері анықталған. **Дәлелденуі:** Ұсынылған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар теориялық талдау нәтижелерімен және эмпирикалық зерттеу барысында алынған статистикалық мәліметтермен дәлелденген. Зерттеу нәтижелері корреляциялық, салыстырмалы және регрессиялық талдау әдістері арқылы тексеріліп, олардың ғылыми негізділігі расталған. **Салыстырмалы бағалау:** Зерттеудің нәтижелері денелік-Мен имиджін зерттеудегі отандық және шетелдік ғылыми тұжырымдамалармен салыстырылып талданған. Бұрынғы зерттеулерде денелік-Мен имиджі негізінен тұлғаның өзіндік санасы контексінде қарастырылса, диссертацияда оның тұлғааралық өзара әрекеттесудің дербес психологиялық факторы ретіндегі рөлі нақтыланған. Ізденуші ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, халықаралық деңгейде қолданылатын бұрынғы әдістермен салыстырылып бағаланған. Бұл зерттеудің жаңалығы мен практикалық маңызын күшейтеді және психология ғылымына қосқан үлесін айқындайды.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер нақтыланған мақсат-міндеттер мен зерттеу болжамына сәйкес ғылыми жаңалық болып табылады. Зерттеу нәтижелері мен ережелері жаңа, себебі диссертацияда алғаш рет орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджі тұлғааралық өзара әрекеттесудің маңызды психологиялық факторы ретінде кешенді түрде қарастырылып, оның теориялық және эмпирикалық

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	негіздері айқындалған. Зерттеу барысында денелік-Мен имиджінің когнитивтік, эмоциялық-бағалаушы және мінез-құлықтық компоненттерден тұратын құрылымы теориялық тұрғыдан негізделіп, эмпирикалық тұрғыдан расталған. Сонымен қатар орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесу жүйесіндегі ролін сипаттайтын теориялық модель әзірленген. Ғылыми жаңалықтың маңызды көрсеткіші ретінде денелік-Мен имиджі көрсеткіштері мен тұлғааралық қатынастар параметрлері арасындағы статистикалық мәнді байланыстар анықталған. Зерттеуде тұлғааралық сипаттамалар негізінде денелік-Мен имиджінің ерекшеліктерін болжауға мүмкіндік беретін предикторлық модельдер ұсынылған. Бұдан басқа, орта жастағы әйел адамдардың жас ерекшелігі мен отбасылық мәртебесіне байланысты денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу көрсеткіштерінің айырмашылықтары алғаш рет кешенді түрде зерттелген. Осылайша, диссертацияда алынған нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ғылыми ережелер психология ғылымының тиісті саласындағы теориялық білімдерді толықтырып қана қоймай, денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеудің жаңа ғылыми бағыттарын қалыптастырады. Сондықтан зерттеу нәтижелері мен ғылыми ережелер толығымен жаңа деп бағаланады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындыларының талдау, салыстыру, жалпылау, болжау, жобалау, эмпирикалық зерттеу нәтижелерін зерделеу, диагностика, алынған сандық мәліметтерді математикалық және статистикалық өңдеу әдістеріне, сондай-ақ қазіргі психология ғылымының теориялық қағидалары мен әдіснамалық ұстанымдарына негізделетінін ескеретін болсақ, диссертациядағы қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Мұны зерттеу міндеттеріне сәйкес әзірленген және қорғауға ұсынылған ғылыми қағидалар толық дәлелдейді. Атап айтқанда, автордың жүргізген зерттеуіне сәйкес, орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджі тұлғааралық өзара әрекеттесудің маңызды психологиялық факторы ретінде анықталып, оның когнитивтік, эмоциялық-бағалаушы және мінез-құлықтық компоненттерден тұратын құрылымы теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негізделген. Сонымен қатар денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық қатынастар параметрлері арасындағы статистикалық мәнді байланыстар айқындалып, тұлғааралық қажеттіліктер мен коммуникативтік стильдердің денелік

			өзін қабылдау ерекшеліктеріне ықпал ету механизмдері анықталған. Зерттеу нәтижесінде тұлғааралық өзара әрекеттесу көрсеткіштері негізінде денелік-Мен имиджінің ерекшеліктерін болжауға мүмкіндік беретін предикторлық модельдер әзірленіп, дене салмағы индексінің аталған байланыстарды модерациялайтын фактор ретіндегі рөлі дәлелденген. Сондай-ақ орта жастағы әйел адамдардың жас ерекшелігі мен отбасылық мәртебесіне байланысты денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу сипаттамаларының айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан негізделген. Сондықтан зерттеу нәтижелері ғылыми жаңалығы жоғары, теориялық және практикалық маңызы зор ғылыми еңбек ретінде бағалануға толық негіз бар.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңа және толығымен негізделгендігі туралы тұжырым жасауға зерттеу барысында қолданылған заманауи теориялық-әдіснамалық тәсілдер, психодиагностикалық технологиялар, статистикалық талдау әдістері және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі дәлел бола алады. Осы орайда, зерттеуде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесуге ықпалын анықтауға бағытталған кешенді зерттеу технологиясы қолданылған. Автор денелік-Мен имиджінің құрылымдық компоненттерін айқындау, тұлғааралық қатынастар параметрлерімен байланысын анықтау және олардың өзара ықпал ету механизмдерін түсіндіру мақсатында заманауи психологиялық диагностика мен математикалық-статистикалық өңдеу әдістерін тиімді пайдаланған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды **дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген дәлелдемелермен (сандық талдау арқылы) көрсетілген. Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар жеткілікті дәрежеде негізделген және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Қорытындылардың негізділігі зерттеу барысында қолданылған теориялық-әдіснамалық тұғырлардың жүйелілігімен, ғылыми әдебиеттерге жүргізілген жан-жақты талдаумен, зерттеу дизайнының логикалық құрылуымен және алынған эмпирикалық нәтижелердің сенімділігімен қамтамасыз етілген. Ізденуші зерттеу мәселесін шешу барысында заманауи психодиагностикалық әдістемелерді қолданып, алынған мәліметтерді математикалық және статистикалық өңдеудің ғылыми негізделген тәсілдері арқылы талдаған. Зерттеу нәтижелері

			корреляциялық, салыстырмалы, регрессиялық және модераторлық талдау әдістері арқылы тексеріліп, ұсынылған ғылыми тұжырымдардың объективтілігі мен дәлдігін растаған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қорғауға ұсынылған ғылыми қағидалармен толық үйлеседі және зерттеу болжамдарының басым бөлігінің расталуымен сипатталады. Алынған ғылыми нәтижелер психология ғылымындағы қолданыстағы теориялық тұжырымдамалармен салыстырылып, олардың ғылыми және практикалық құндылығы негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **иә;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген. Қорғауға ұсынылған ғылыми ережелер теориялық талдау нәтижелерімен, эмпирикалық зерттеу барысында алынған деректермен және математикалық-статистикалық өңдеу нәтижелерімен толық расталған. Автор ұсынған тұжырымдар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес негізделіп, олардың ғылыми сенімділігі дәлелденген. 7.2 Жоқ, тривиалды емес. Зерттеу нәтижелері психология ғылымындағы белгілі қағидаларды жай ғана қайталамайды, керісінше орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу арасындағы өзара байланыстарды жаңа ғылыми тұрғыдан түсіндіреді және бұрын жеткілікті деңгейде зерттелмеген заңдылықтарды ашады. 7.3 Барынша жаңа. Оған дәлел ретінде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретіндегі теориялық моделінің әзірленуі, денелік-Мен имиджінің құрылымдық компоненттерінің эмпирикалық тұрғыдан нақтылануы, тұлғааралық қатынастар көрсеткіштері негізінде құрылған предикторлық модельдердің ұсынылуы және дене салмағы индексінің модераторлық рөлінің анықталуы қарастырылады. Сонымен қатар денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық қатынастар арасындағы байланыстардың жас ерекшелігі мен отбасылық мәртебеге тәуелді өзгерістері алғаш рет кешенді түрде зерттелген. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Зерттеу нәтижелерін психологиялық диагностикада, психологиялық кеңес беру тәжірибесінде, психологиялық сүйемелдеу және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеуде, сондай-ақ жоғары оқу орындарында психология мамандарын даярлау барысында қолдануға болады. Сонымен қатар нәтижелер әйелдердің психологиялық әл-ауқатын арттыруға бағытталған ғылыми-практикалық

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **иә;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жобаларда пайдалануға жарамды.. 7.5 Диссертацияда көрсетілген зерттеу нәтижелері, қағидаттары талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдарда дәлелденген.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **иә;** 2) жоқ.	8.1 Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді. Зерттеу әдіснамасы диссертациялық жұмыста жеткілікті деңгейде негізделген және жүйелі түрде баяндалған. Автор зерттеу мәселесінің теориялық және эмпирикалық қырларын ашу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізіп, зерттеу нысанының ерекшеліктеріне сәйкес келетін ғылыми-әдіснамалық тұғырларды орынды таңдаған. Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізін жүйелік тәсіл, тұлғалық тұғыр, биопсихоәлеуметтік модель, әлеуметтік салыстыру теориясы, дене бейнесі концепциясы және өзін-өзі бағалау теориялары құрайды. Аталған теориялық негіздер зерттеу пәнін кешенді қарастыруға, денелік-Мен имиджінің тұлғааралық өзара әрекеттесумен байланысын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеуде феноменологиялық, салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері қолданылып, зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары айқындалған. Орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджін зерттеуге арналған жас ерекшеліктерін анықтау барысында әртүрлі ғылыми тұжырымдамалар салыстырылып, зерттеу іріктемесін қалыптастырудың ғылыми негіздемесі берілген.

			Ізденушінің таңдаған әдістер мен әдістемелер зерттеу мақсатына, міндеттеріне және болжамына толық сәйкес келеді. Сондықтан диссертацияда қолданылған әдіснамалық ұстанымдар мен зерттеу әдістерінің таңдауы ғылыми тұрғыдан негізделген, ал зерттеудің әдіснамасы нақты әрі логикалық жүйеде баяндалған деп қорытынды жасауға болады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **иә;** 2) жоқ.	8.2 Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін тиімді қолданғаны байқалады. 1) жұмыста психология ғылымының қазіргі заманауи жаңа әдістерін, статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics 27,0 және Jamovi 2,6,26,0 бағдарламалық пакеттерін пайдалана отырып алынған нәтижелер нақты тұжырымдалған; 2) зерттеудің эмпирикалық сатысында жалпы гипотезаны бекіту үшін тұжырымдалған алты жеке гипотезалар негізінде алынған зерттеу нәтижелері Шапиро–Уилка критерийі бойынша, дисперсия гомогендігі Левен критерийі, зерттелетін көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстарды алдын ала зерттеу үшін Спирмен рангтік корреляция коэффициенті (ρ) қолдана отырып талдау жүргізілген. Бұлардың барлығы диссертацияда нақты сипатталып, нәтижелерді дәлелді, статистикалық сенімділікпен көрсетіге мүмкіндік берген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3 Иә. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген және расталған: Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, әзірленген модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен толық дәлелденген және расталған. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру, сондай-ақ ұсынылған ғылыми болжамдарды тексеру үшін психология ғылымында кеңінен қолданылатын, психометриялық көрсеткіштері жоғары және ғылыми қауымдастықта сенімділігі дәлелденген диагностикалық әдістемелер кешені пайдаланылған. Атап айтқанда, зерттеуде О.А. Скугарев пен С.В. Сивуха әзірлеген Өзіндік дене бейнесі сауалнамасы, T.F. Cash ұсынған және З.Б. Мадалиева мен А.О. Сұлтанова бейімдеген «Өз денесіне деген қатынастың көпөлшемді сауалнамасы» (MBSRQ-AS), В. Шутцтың тұлғааралық қатынастар сауалнамасы (FIRO-B), M. Thompson және J. Gray әзірлеген «Денені кескін суреті арқылы бағалау шкаласы» (CDRS), сондай-ақ Т. Лиридің «Тұлғааралық қатынастарды диагностикалау әдістемесі» қолданылған. Бұдан

		1) **иә;** 2) жоқ.	бөлек, зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттыру мақсатында жас, білім деңгейі, отбасылық мәртебе және дене салмағы индексі сияқты демографиялық көрсеткіштер қосымша айнымалылар ретінде ескерілген. Зерттеу барысында алынған мәліметтер математикалық және статистикалық өңдеудің заманауи әдістері арқылы талданып, денелік-Мен имиджінің когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттері мен тұлғааралық қатынастар көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстардың статистикалық мәнділігі анықталған. Сонымен қатар регрессиялық, салыстырмалы және модераторлық талдаулар негізінде ұсынылған теориялық модельдердің дұрыстығы мен ғылыми негізділігі дәлелденген. Осыған байланысты диссертацияда жасалған теориялық қорытындылар мен ұсынылған ғылыми модельдер эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен толық расталған, ал анықталған заңдылықтар мен өзара байланыстардың ғылыми сенімділігі жоғары деп бағалауға толық негіз бар.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми зерттеулерге сілтемелермен расталған. Зерттеу барысында мемлекеттік нормативтік құжаттардан бастап, нақты зерттеу мәселесіне сәйкес дерек көздері қолданылған, олар сілтемелер арқылы расталған. Қолданылған ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге сілтемелер маңызды мәліметтердің нақтылығын, сенімділігін растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу барысында қолданылған дереккөздер саны – 232. Қолданылған ғылыми әдебиеттер /дереккөздері/ зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу проблемасы тұжырымдар мен теорияларды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, басшылыққа алған. Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Диссертацияның теориялық маңызы – психология ғылымындағы денелік-Мен имиджі және тұлғааралық өзара әрекеттесу мәселелері бойынша ғылыми білім қорын толықтыруымен айқындалады. Зерттеу нәтижесінде әйел адамдардың денелік-Мен имиджі тұлғааралық мінез-құлық ерекшеліктерін айқындайтын когнитивтік, эмоциялық-бағалаушы және мінез-құлықтық компоненттерден тұратын көпдеңгейлі

			психологиялық құрылым ретінде негізделген. Зерттеу нәтижелері денелік-Мен имиджі феноменінің құрылымдық ерекшеліктері, оның тұлғааралық қатынастарға ықпалы және психологиялық детерминанттары туралы ғылыми түсініктерді кеңейтіп, тұлға психологиясы, әлеуметтік психология және даму психологиясы салаларындағы теориялық қағидаларды толықтырады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс денелік-Мен имиджі мәселесін жаңа ғылыми қырынан қарастыру арқылы психология ғылымының теориялық дамуына елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **иә;** 2) жоқ.	9.2 Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері орта жастағы әйел адамдарға психологиялық қолдау көрсету, эмоциялық дистресстің, денелік өзін қабылдау бұзылыстарының және өзін-өзі бағалау мәселелерінің алдын алу жұмыстарында қолданылуы мүмкін. Әзірленген денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу арасындағы өзара байланыс моделі психологтардың диагностикалық, кеңес беру және психокоррекциялық тәжірибесінде пайдалануға жарамды. Зерттеу нәтижелері дене бейнесін үйлестіруге, өзін-өзі қабылдауды жақсартуға және тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге негіз бола алады. Сонымен қатар алынған ғылыми нәтижелер «Тұлға психологиясы», «Жас ерекшелік психологиясы», «Тұлғааралық қатынас психологиясы» және «Гендерлік психология» пәндерін оқытуда, сондай-ақ практикалық психологтардың біліктілігін арттыру бағдарламаларында қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсынымдар зерттеу нәтижелеріне негізделген және олардың жаңалығы денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу арасындағы байланысты психологиялық кеңес беру мен психокоррекциялық жұмыс тәжірибесіне енгізуімен сипатталады. Автор орта жастағы әйел адамдардың денелік өзін қабылдауын, өзін-өзі бағалауын, әлеуметтік салыстырулардың әсерін және тұлғааралық қатынастар ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған ұсынымдар әзірлеген. Бұл ұсынымдар денелік-Мен имиджін үйлестіруге, психологиялық әл-ауқатты арттыруға және тұлғааралық қарым-қатынастардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан ұсынылған практикалық ұсынымдар ғылыми негізделген, жаңа және

			психологиялық практикада қолдануға жарамды деп бағаланады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазылым типіне жатады. Диссертацияны жазу барысында ізденуші академиялық жазылым талаптарын сақтаған. Еңбек ғылыми тілде жазылған, ойларында қайталанулар жоқ.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияның мазмұны, құрылымы және алынған нәтижелері философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Дегенмен, жұмыстың ғылыми және қолданбалық әлеуетін одан әрі арттыру мақсатында келесі ұсыныстық сипаттағы ескертпелерді атап өтуді жөн санаймын: 1. Зерттеуде орта жастағы әйел адамдардың денелік-Мен имиджі мен тұлғааралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Болашақта зерттеу нәтижелерін әртүрлі өңірлердегі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі әртүрлі әйелдер топтарында салыстыра зерттеу нәтижелердің жалпылану мүмкіндігін кеңейтер еді. 2. Зерттеуде дене салмағы индексінің модераторлық рөлі анықталған. Болашақ зерттеулерде әлеуметтік желілердің, медиа контенттің және мәдени факторлардың денелік-Мен имиджіне ықпалын қарастыру мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік берер еді. Аталған ескертпелер ұсыныстық сипатқа ие және диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығы мен практикалық маңызын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың	Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, жасалған талдаулары мен нәтижелері, ғылыми тұжырымдары мен қорытындысы ізденушінің халықаралық, республикалық, ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Докторанттың мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жоғары деңгейде жазылған Зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 4 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда, 3 мақала – халықаралық конференцияларда, жарияланған.	

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекіткен Үлгі ережесінің 28-тармағы талаптарына толықтай сәйкес философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру. «8D03107- Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Дуйсенбаева Айнур Отарбековнаның «Орта жастағы әйел адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесу факторы ретінде денелік-Мен имиджінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс жан-жақты зерттеліп, аяқталған жұмыс болғандықтан Дуйсенбаева Айнур Отарбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.,
психология ғылымдарының кандидаты **Ж.Ж. Бейсенова**

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ * НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» * HR қызметі / HR служба